

This article devoted to some problems development military term the Kazakh language in year Great Native war.

ЭТНОЛОГИЯ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭТНОЛОГИИ

ҚАЗАҚТАР МЕН ТҮРІКМЕНДЕРДІҢ ҮЙЛЕНУ ДӘСТҮРЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ КЕЙБІР ТИПОЛОГИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

К.М.Төлеубаева -

Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің доценті

Қазақтар мен түрікмендер арасында жастай некелестіру ежелден келе жатқан дәстүр. Кей уақытта қыздарды 13-14 жасында ұзатса, ер балаларды 15-16 жасында балиғатқа толды деп үйлендірген. Халық түсінігі бойынша жастарды неғұрлым ерте үйлендірсе, олар әртүрлі жағымсыз қылықтардан аулақ болып, ұрпақтары мықты болады деген сенімде болған. Неке құрудың негізгі жолы құда түсіп, қалыңмал төлеп үйлену, жасаумен тұрмысқа шығу. Ал, малы тапшы шаруаларға, әсіресе, кедейлерге 27, 17 бас мал төлеп келін түсіру оңайға түспейтін. Сондықтан да кедей балалары 25-30 жасқа дейін үйлене алмаған. Тіпті тақыр кедей балалары әуелі өздері бірнеше жыл өз жұмыс күшін сатып, қалыңмалға мал жиятын немесе қалыңдық үшін қыз әкесіне қызмет ету әдеті де болған.

Әке-шешеден ерте айырылып, кедей туысының қолына қараған қыздарға құда түсіп, азын-аулақ малын беріп, күйеу әкесі қалыңдықты 9-10 жасқа толысымен өз қолына алып бағатын әдет те болған. Мұны қазақ «қол бала» етіп алу дейді. Қол бала болашақ күйеуімен бірге өскенмен, балиғатқа толғанша әдеттен тыс жақындыққа барып, қыз абыройын уақытынан бұрын төкпеген /1/.

Құда түсіп, қыз алысудағы бүкіл қазақ қауымына ортақ тәртіптің бірі туыстық жақындығы жеті атаға толмай, қыз алыспау. Мұндай тәртіпті этнографияда экзогамия дейді. Қазақтар арасында экзогамиялық тәртіптің қатаң сақталғандығын көптеген авторлар еңбектерінен көруге болады. Мысалы А.Левшин экзогамиялық тәртіптің қазақ арасында өзіндік орны бар екендігін айта келіп, жағалбайлы руы жігітінің қалыңдықты өз ішінен емес, басқа рулардан іздегендігін келтірген /2/.

Неке мәселесі жөнінде қазақтарда шариғат қағидасы бойынша баласының енесіне әкесі үйленуге болмайды. Өгей шешеге немесе шешесінің артынан еріп келген қызға, яғни тумаған қарындасына үйленуге қақысы жоқ /3/.

Қазақтарда «ұрын бару» дәстүрі сақталған болса түрікмендерде бұл дәстүр мүлде жоқ. Оларда қалың мөлшерінің шектен тыс жоғары болуына орай «қайтарма» дәстүрі орындалады. Түрікмендерде бала кезінен айттыру салты болған. Айттыру «гелиштірмек» (тура мағынасы келістіру-қосу) есейген шақта үйленерден 1-2 жыл бұрын да болған. Мұндай келісім түрікмендерде кеңінен қолданылған. Олар келіскен кезде мынадай бата берген .

«Ұлашсына ұлашсын, элин яга булашсын;
Ұлы оғлан өйленсин, Кіші ғызың келишсін.
Келісіндер, келісіндер Қолың толы май болсын;
Ұлың сенің үй болсын, Кіші қызың келіссін» /4/.

Марыйлық түрікмендер /5/ эрсары түрікмендерде ұлдың анасы атастырғандықтың белгісі ретінде қыздың басына қызыл жібек орамал салған. Ал жағалаулық түрікмендерде келісім (адагламақ) кезінде ұлдың ата-анасы қызға күміс теңге берген, оны қыз мойнына тағып жүрген /6/.

16-17 жастағы жігіттің ата-анасы (егер ол бұрын атастырылмаса) ұлына қалыңдық іздестірген. Оны таңдауда ең алғашқы сөз отбасындағы ең үлкен әйелге (гарры апа) берілген. Ол отбасындағылардың келісімімен ауылда өздеріне сай келетін кімнің қызы бар екендігін қарастыра бастаған (жігіт бұл жөнінде білмеуі де мүмкін). Түрікмендердің бір ерекшелігі «таза қанды» (туйс) немесе «аралас қанды» (гул) болып бөлінген, яғни басқа халықтан, тайпадан немесе аралас некеден шыққан. Сондықтан әркім өзіне теңін іздеген, яғни туйс туйсты, гул өзіне тең қалыңдықты іздеген.

Марыйлық текиндердің салты бойынша қалыңдық іздеген кезде оның шыққан тегіне қатты назар аударған, яғни, ол тегі сүйегі жағынан (сунг) күйеу жігіттен (пес) төмен болмауы керек. Қалың мөлшерін

қыздың әкесі мен анасы айтқан, сонымен қатар міндеттерді бөліп алған, әкесі ақша мен материалдық жағын, анасы халат пен басқа да заттардың тізім санын айтқан. Қалыңмал көлемі XX ғасырдың басында отбасының жағдайы мен қыздың жеке қасиетіне байланысты болған. Кедей отбасынан шыққан қызға аз қалың төленген.

XX ғасырдағы салыр-түрікмендерінің үйленуі туралы Л.Н.Логофеттің «Егер келісім жасалса, әкететін күн белгіленіп, күйеу жігіт қалыңдығын алып кетуге бір топ туыстарымен келеді. Қалыңдық арбасының қасына да туыстары жиналады. Барлығы атқа отырған соң күйеу жігіт қалыңдығын атқа өңгеріп алып қашу рәсімін жасайды. Қыздың туыстары қуғынға шығады, ал жігіт жолдастары қорғанған түр жасайды. Дегенмен жастар бұл кезде қобалжый бастайды, себебі қалжыңның аяғы шын төбелеске айналып бірнеше адам таяқ жеп, жарақат алады.

Сонымен қатар күйеу жігіт тез арада қашып кетпесе бірнеше тісінен айырылып, қалыңдыққа да тиіп кететін кездер болады» /7/. Бұл ғұрып ертеде әйелдерін ұрлап әкету арқылы үйленгендігі осыған негіз болады /7,213/. Басқа түрікмендер тобына қарағанда салырларда қалыңмал тойға дейін толық төленген. Мүмкін осыған байланысты шығар, біраз уақыт өткен соң басқа түрікмендердекең етек жайған «гайтарма» салты - қызды тойдан соң үйіне біраз мерзімге қайтару салты салырларда жоқ.

Келінді алу үшін арнайы керуен «келин алджи» дайындалған. Ол 10-12 түйеден тұрған. Бір түйеде келінді әкелетін «геджебе» сән-салтанатымен орналастырылған. «Геджебе» формасы жағынан салырлардың үйіне ұқсас (моведекли кепбе), киіз үйді еске түсіреді. Астыңғы бөлігі «йурек» деп аталады, киізден жасалған, ал үстіңгі жағы күмбез тәріздес. Түйеде тек әйелдер мен қыздар ғана отырған. Соңғы үш түйемен той тағамдарын – пісікен ет, майға пісірілген шелпек т.б. алып жүрген. Түйелерді арнайы тіктіркілген матамен «дуе башлық» жапқан, олардың мойны мен сирағына қоңырау (джанг) байлаған, олар қозғалған сайын шылдырлап тұрған.. Түйе керуенін арнайы атқа мінген салт аттылар қоршап жүрген, әр салт аттының оң жағында былғары қынапқа салынған қылыш (ғылыч баг) болған немесе жай ғана қылышқынап болған /8/. Бұдан соң «ер-азаматтар екіге бөлінеді, бір тобы жаяу жүріп әйелдерді күзетеді, екіншісі атпен (шабуылшылардан қорғайтындай қаруланған) керуеннің алдында жүріп отырады. Келіннің отауының жанына тоқтап, олар аттарын тұсайды». XIX ғасырдағы түрікмен этнографиясын еске алсақ, ол кездегі той керуенін қарулы жігіттермен күзету салтын түсіндіру оңай (тайпааралық тартыс пен ұры-қарылық және т.б.). Негізі бұл көнеден келе жатқан салттың сарқыншағы, ол кезде басқа туыстың мүшесін күштеп алып кетуге ғана болатын. Келінді әкеле жатқан салт аттылар қиқулап, аспанға атып, қылышын сермеп елес жаумен шайқасқандай әсер беретін /9/. Әйелдер жағы да біршама қарсылық жасаған соң ғана есікті ашқан, бірақ оларды тосын сый күтіп тұрған: қызды күзетіп отырған әйелдер мен алуға келген әйелдер арасында тартыс басталған. Алдымен кірген әйел осы әйелдерді басқарып келген адам, ол қолғабына ұн салып әкеледі, оны келіннің бетіне жағуы керек. Осыдан соң екі топтан ортаға ең күшті дегендері шығады. Қоршағандардың айқайымен олар күресе кеткен (ер адамдар ашық есіктен бақылап отырған). Аяғында бәрі араласып кетіп нағыз ұрыс басталған. Ереже бойынша жігіт жақ жеңген. Содан соң «элти» (келіннің жеңгесі-үлкен ағасының әйелі), өзіне тиесілі сый – құрметін (халат) /10/ алған соң, келінді өзі «геджебеге» отырғызған.

Этнографиялық әдебиетте келін үшін «қалжың күрес» деп аталатын салт ертеде барлық түрікмендерде болған: батыстық түрікмен-йомуттарда (далаш), текиндіктерде және т.б. Әрсары түрікмендерде қалыңдықты оның құрбылары мен құрдас қыздар «күзеткен». Қалыңдықтың тәтесі – үлкен ағасының әйелі (гелин эке) қалыңдыққа жамылғы халат (арка буренжик) жаппақ болып әрекеттенеді. Ол үшін ол әртүрлі қулыққа барады. Мысалы, күзетіп отырған қыздарға қалыңдықтың бас киімінде инені ұмытып кеттім деген. Бірақ мұндай ұсақ қулыққа қыздар көнбей бірлесіп жауап берген. Ақыр соңында ол өз сыбайластарымен «күзетші қыздары» жеңіп шыққан. /11/

Текиндіктердікіндей салыр-түрікмендерде де қызды ауылдан әкетер кезде «тартыс» басталған. Бұл кезде тартысқа, келінді жақтаушылар рөлін орындаушы, келін керуенін қорғаушы жас жігіттер түскен, оған қатысушыларға тас лақтырып, топырақ лақтырған және т.б.

М.О.Косвеннің пікірі бойынша, келін үшін «қалжың күрес» матрилокальды (аналық) некенің патрилокальді /12/ (аталық) некемен күресінің қысқа түрін көрсетеді.

Салт аттылар күйеудің үйінен қалыңдыққа жеткенше және қайтар жолда жол бойы «туйдуктің» (флейта тәрізді аспап) сүйемелдеуімен көңілді ән салған.

Той керуені келген соң жігіт жағында салтанат басталған. Қалыңдықты шығарып салушы әкешесі мен туыстары сол күні үйлеріне қайтқан. «Гелин алыджидан» келген салт аттылар күйеу жігіттің әкесінен «овлак чапды» ойынына ешкі (овлак) беруін сұрайды. Бұл ойын Орталық Азия халықтарында

кеңінен тараған, ол күштілікке, төзімділікке, жылдамдыққа және т.б. тәрбиелейді. Онсыз салырлардың өміріндегі ешбір оқиға аталып өткен емес.

Сонымен қатар ұлттық күрес «гореш» өткізілген. Қатысушылар руы жағынан топқа бөлінген. Жеңімпаз қой немесе басқа құнды сый алған. Кешке қарай барлығы жиналып бахшиді (әншіні) тыңдаған.

Әр салыр ауылында сүйікті әншісі болған, ол екі ішекті «дудармен» ән салған. Қазақтарда да лак тарту, күрес, ойын түрлері, айтыс, ән салу, шашу салттары орындалған.

Геджебені күйеудің үйінің қасынан көріп, келін отырған түйенің жүгенінен ұстаған кез келген адам сый алуға құқылы болған. Ол кезде былай деген: «Сыйыңызды алыңыз да бізді жолдан қалдырмаңыз». Әрсары түрікмендерде той керуеннің тек қана қалыңдық ауылында ғана тоқтатуға болған, мұны «согап» (сауап) деп есептеген. Екі адам екі жаққа тұра қалып жолды лентамен немесе белбеумен жауып тұрған, қыз тәтесіне сый алған соң ғана (орамал тәрізді) жол ашылған. Қазақтарда бұл салт «арқан керу» деп аталады./13/

Екі халықта да қалыңдық күйеу жігіттің табалдырығына оң аяғымен аттап кірген. Бұл жерде де оған тәттілер мен теңге шашып, қарсы алған. Қазақтарда отқа май құю, беташар салттары орындалған.

Жігіттің екі алыс туысқаны есікті күзетіп тұрып, өздеріне тиесілі сый (гапалым) алған соң ғана келінді үйге кіргізген. Осындай келінді үйге кіргізбеу салты текиндік түрікмендер салтында да кездеседі. Бұл салт аналық кезеңнің аталыққа өтуінің сарқыншағы деп қарастыруға болады.

Тойдан кейін үшінші күні қыз киімін әйел киіміне ауыстыру салты орындалады, оны салырлықтар «тайха алмақ» дейді. Негізінен бас киімді ауыстырады, төбетейді конус тәрізді бас киім (топбы) мен сары жібек орамалға (сары йүпек дастар) алмастырады.

Қалыңдықты қоршап жүрген бойжеткен қыздар бас киімді ауыстыруға келген әйелдермен қалжың тартысқа түседі. Соңында қыздар жеңіліп, әйелдер есеп бойынша үшінші ретте қалыңдықты «тартып» алады. Қалыңдықтың күміспен, алтынмен үптеп, зер жүргізілген бай төбетейін (жігіт ағасының қызына) сыйлаған. Қазақта басына орамал салған, бірінші баладан кейін кимешек киген.

Көрші текиндік түрікмендерге қарағанда, салыр-түрікмендерде «қашып жүру» салты кең таралмаған. Тойдан соң бірінші апта өткен соң енесі өзі келінінен қашпауын, бетін баспауын өтінеді.

Салырлықтардың айттыру (гелешдирме) салты барлық түрікмендерде өз ұқсастығын табады. Айттыру туыстар арасында болғанымен де қалың төлеу міндетті болған. Айттыру салты қазақтарда да бар.

Салырлық түрікмендерде ертеде үйлену салтында өзіндік бір ерекше салт болған, оның ұқсастығын біз басқа түрікмендер тобынан көреміз. Мысалы, үш туысқан отбасы неке арқылы байланысқан, ол үшін осы отбасыларда жастары сәйкес ұл мен қыз болуы қажет. «А» отбасы қызын «Б» отбасына береді, ал «Б» отбасы – «В» отбасына береді. Сонымен үш отбасы ұл-қыздарын бір-біріне беріп, үйлендіріп, қалың төлеуден босаған. Бұл салт текиндіктердің «гарша» салтына ұқсас, яғни екі отбасы балаларын бір-біріне беріп, үйлендірген, қалыңдық айырбастаған. Бұл салт рулық тайпалық қатынас кезінде, жұмыс күшін жоғалту барлық ру мүшелеріне әсер еткен кезде болуы мүмкін деп болжауға болады. Осы жағдайда өмірден кеткен адамның орнын алмастыру салты пайда болады. Бұл дәстүр қалың мөлшерінің тым көптігінен болған деуімізге болады.

Салырлық-түрікмендердің үйлену салтында ғылыми тұрғыда талдауы қажет ететін көне құбылыстар көп кездеседі. Жалпы түрікмендерде неке эндогамды болған. Қалыңмалды төлеу мерзіміне орай «қайтарма» дәстүрі міндетті болып есептелген. Қазақтар мен қарақалпақтарда бұл салт болмаған, ал өзбектер, тәжіктер, қырғыздардың кейбір топтарында аз уақытқа болса да кездескен. /13/.

Дегенмен бұл «ұрын келу» қазақтар мен Орталық Азияның кейбір халықтарында атаулары әртүрлі болғанмен қыз-жігіттің бірін бірі ресми түрде алғашқы рет осы жолы көріп, танысуға мүмкіндігі болатын. Бұл сапардың негізгі мақсатының өзі жастардың өзара тілдесіп, бет-жүзін көрісіп, тіпті құшақ айқастырып жақындасу нәтижесінде олардың арасындағы махаббат сезімін ояту екені даусыз.

Әрине, мұндай сезім екеуінің біріне-бірінің ұнағандығынан ғана туады. Ал, екеуінің бірі түр әлпеті, ақыл ойымен көрегендігімен ойлаған жерден шықпаса, ондай сезім оянбайды да, екі жас тек ғұрып бойынша қосылуға қосылуға мәжбүр болады. Сондықтан «ұрын бару» деген атаудың қалыптасуы да осы негізгі мақсатпен тығыз байланысты болған. Бұл қазақта қалыңдық ойнау, тәжікте кинголабози, қарақалпақта күйеулеу, қырғызда күйеу келді. Атаулары түрлі атпен аталғанымен түрікменнің қайтарма дәстүріне қарағанда.

-
1. Арзынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке.- Алматы, 1973. - 147 –бет.
 2. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз кайсацких орд степей. - Ч.3. - СПб.,1832. - С.109.
 3. Маковецкий П.Е.Материалы для изучения юридических обычаев киргизов.Вып. 1. - Омск. 1886. - С.2.
 - 4.Джикиев А. Свадебные обряды у туркмен салыров в конце XIX – начале XX вева.// Труды Института Истории Археологии и Этнографии. – Ашхабад, 1963. -С.151.
 - 5.Овезбердыев К Семья и семейные отношения у туркмен в конце XIX и начале XX века -Ашхабад, 1956. - С.122.
 6. Джикиев А.Туркмены юго-восточного побережья Каспийского моря. - Ашхабад, 1961. – С.122.
 - 7 Обезвердыев К. Семья и семейные отношения у туркмен... с, 123.
 8. Логофет Д.Н. На границах Средней Азии. Путевые очерки в трех книгах // Персидская граница.- СПб., 1909. -С.212.
 9. Бұл да сонда,213-бет.
 10. Васильева Г.П. Преобразование быта и этнические процессы в Северном Туркменистане. - М., 1969. - С.260-267.
 11. К этнографии туркмен восточных районов левобережного Хорезма. МХЭ, вып. 7. - М., 1963.- С.146.
 12. Косвен М.О. Очерки первобытной культуры. - М.,1953. - С.143.
 13. Кисляков Н.А. Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. - Л., 1969. -С.158-159.

Резюме

В данной статье автор дает сравнительный анализ свадебной обрядности народов Центральной Азии и Казахстана.

Summary

In this article the author highlights the wedding rituals of Central Asian and Kazakhstan people.

АРХЕОЛОГИЯ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ АРХЕОЛОГИИ